

Д.Қонаев атындағы №44 мектеп-гимназиясының қамқоршылық кеңес мүшелерінің  
хаттамасы №4

2023-2024 оқу жылы

Күні: 31.01.2024ж

Қатысуға тиісті - 13

Қатысқандар - 9

Негізгі құрам: 13

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік көмек беру, мониторингтік топ құрамының есебі туралы;

2. Онлайн оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру.

3. Ағымдағы мәселелер

1-мәселе бойынша әлеуметтік педагог Бисембаева Н.С. сөз алды: Жаңа жылдық шырша мерекесіне орай әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларға (сыйлық) демеушілер көмек берді:

1. ИП «Зотова» - 150000 тенге көлемінде (сыйлықтар, тәттілер, Жаңажылдық шыршаны безендіруге)

2. «BEST» өнер орталығы – меценат Рада Хайрушева 5 аз қамтылған отбасы балаларына жаңажылдық тәттілер жиыны, 5 анасынан айырылған балаға жаңажылдық тәттілер жиыны

3. Қамқоршылық кеңес мүшесі А.А. Сулейменова және бір топ ата-аналар 30000 тенге және 1 оқушыға жаңа жылдық тәттілер жиыны.

Бұл демеушілік көмек ең алдымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 3 оқушыға берілді (Қайыржанова Амина, Қанатқали Аруна, Қанатқали Аянаға). Сонымен қатар, денсаулығына байланысты үйден оқитын 4 мүмкіндігі шектеулі оқушыға (Қабдығали Гүлназым, Марат Бату, Мереке Дарина, Қуанаева Жанерке, Ғайып Нұржанат) Сонымен қатар, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға Жаңа жыл қарсаңында шырша ұйымдастырылып, тәтті сыйлықтар таратылды.

Сонымен қатар, мектеп-гимназия ұстаздары да көмек беруден тартынбай, аз қамтылған, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға киім, аяқ киім және ақшалай да көмек берді:

1. Мурзашева Айымгуль Сансызбаевна – 2 жаңа кроссовки

2. Клара Искалиевна – 2 жаңа шалбар қыз балаға

3. Мухамбетжанова Ақжүніс – 20000 тенге

2-мәселе бойынша мектеп директоры Тлекенова Б.С. сөз алды:

1. Ата - ана өтініші негізінде ҚР БЖҒМ 03.11.2021 жылғы №547 бұйрығын басышылыққа ала отырып, 7 «г» сынып оқушысы Мереке Дарина 31.01.-31.03.24ж аралығында қашықтықтан оқыту ұйымдастырылды.


Ата – анамен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап отыру сынып жетекшілеріне жүктеледі.

3-мәселе бойынша мектеп директоры Тлекенова Б.С сөз алды: сабақтан себепсіз қалмау, себепсіз кешікпеу, мектеп формасы, ішкі тәртіп жұмысы әрі қарай жұмыстансын.

Қаулы:

1. Әлеуметтік көмек беру жұмысы әрі қарай жандансын.
2. Онлайн оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру қадағалансын, онлайн оқытуға жіберілсін.
3. Ата-аналармен байланыста болып мектеп формасы, ішкі тәртіптің жүргізілуі жалғастырылсын.

Жиналыстың төрағасы :



Мусағалиев Б.Б

Хатшысы:



Өмірзақ Г.Ж